

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2020 жылғы 10 шілде

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот Төрағасы Ж.Н.Бәйішев,
баяндамашы судья Э.К.Л.Чайка,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Д.Г.Колос, Т.Н. Нешатаева,
В.Х. Сейтімова, Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, А.А.Федорцов,
сот отырысының хатшысы Н.С.Чеченованың қатысуымен,
іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,
Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 47, 50, 68, 69, 73
– 75, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты
Регламентінің 14, 19, 72, 75, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Ресей Федерациясының атынан Әділет министрлігінің 2014 жылғы 29
мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 67-бабы 2-
тармағының 4-тармақшасына, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық
экономикалық одақ туралы шартқа № 16 қосымша болып табылатын
Көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызметі
және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттаманың 62-тармағына, 2014
жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 17
қосымша болып табылатын Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың 3
және 15-тармақтарына түсініктеме беру туралы өтініші бойынша мынадай
консультативтік қорытынды береді.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Ресей Федерациясының атынан Әділет министрлігі (бұдан әрі – өтініш
беруші) Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014
жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың
(бұдан әрі – Шарт) 67-бабы 2-тармағының 4-тармақшасына, Шартқа № 16
қосымша болып табылатын Көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар
құру, қызметі
және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттаманың (бұдан әрі –
Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттама) 62-тармағына, Шартқа №
17 қосымша болып табылатын Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың
(бұдан әрі – Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттама) 3 және 15-
тармақтарына түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініш беруші Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ)
құқығында банктер болып табылмайтын шаруашылық жүргізуші субъектілер
беретін қаржылық лизингті Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың 3-
тармағының мағынасы бойынша қаржылық қызметтерге жатқызу

мәселесінде және оған пруденциялық шаралар қолданудың заңдылығында түсініксіздік бар деп есептейді.

Әділет министрлігінің өтініші Одақ құқығының мынадай нормаларына негізделеді.

Шарттың «Қаржы нарықтарын реттеу» деген XVI бөлімінің мақсаттарына қол жеткізу үшін қабылданған Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың 3-тармағының 2в) тармақшасымен құрамына қаржылық лизинг кіретін банк қызметтерінің қаржылық қызметтерге жататыны көзделген.

Шарттың 65-бабының 3-тармағын негізге алғанда, бірінші кезекте Шарттың XVI бөлімінде қамтылатын қаржылық қызметтерге қатысты оның ережелері қолданылады, ал «Көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру» деген XV бөлімнің нормалары қаржы нарықтарының құқықтық реттелуіне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Мүше мемлекеттерде көрсетілетін қызметтер саудасының, инвестициялар құрудың, қызмет пен инвестицияларды жүзеге асырудың құқықтық негіздері Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттамамен айқындалады. Осы Хаттаманың 40-тармағын орындау үшін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 110 шешімімен Одақ шеңберіндегі бірыңғай нарық жұмыс істейтін қызметтер секторларының (кіші секторларының) тізбесі (бұдан әрі – Одақ шеңберіндегі қызметтер секторларының бірыңғай тізбесі) бекітілді. Бұл тізбеде лизингтік қызметтердің жекелеген түрлері қамтылады, олардың бір бөлігіне қатысты Шарттың XVI бөлімінде көзделген қаржылық қызметтерді олардың қатарынан алып тастау туралы ескертпе жасалған. Өтініш берушінің пікірі бойынша, Одақ шеңберіндегі қызметтер секторларының бірыңғай тізбесінде қаржы қызметтерін олардың қатарынан алып тастау туралы ереже қамтылмайтын лизингтік қызметтер, мысалы, банктік емес ұйымдардың лизингтік қызметтері Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың қолданысы саласына кірмейді. Әділет министрлігі Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 62-тармағына сілтеме жасай отырып, осындай құқықтық реттеу мүше мемлекеттерге банктік емес ұйымдар ұсынатын лизингтік қызметтерге қатысты пайданы жоққа шығаратын немесе азайтатын және нарыққа кіру үшін ықтимал тосқауылдар жасауға қабілетті рұқсат ету талаптары мен рәсімдерін қолданбау міндеттемесін жүктейді деп атап өтеді.

Өтініш беруші Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттамада көзделген қызметтер көрсетудің жалпы құқықтық режиміне қарағанда, Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың 15 және 19-тармақтары мүше мемлекеттерге біліктілік талаптары мен рәсімдеріне, техникалық стандарттар мен лицензиялау талаптарына қатысты шаралар қолдану арқылы пруденциялық реттеуді жүзеге асыру мүмкіндігін береді деп көрсетеді.

Лизингтік қызметке қатысты пруденциялық шаралардың қажеттігін Әділет министрлігі макро және микроэкономикалық факторлармен, сондай-ақ лизинг берушілердің жосықсыз қылықтары жағдайында жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің лизингтік шарттар жасасу кезінде құқықтарын қорғау

мақсаттарымен түсіндіреді. Өтініш беруші осы ұстанымды уәждей отырып, өзге мүше мемлекеттердің тәжірибесіне назар аударады және Армения Республикасы мен Беларусь Республикасының заңнамасында орталық банктердің лизингтік қызмет саласындағы өкілеттіктерінің бекітілгенін, осыған ұқсас өзгерістердің Қырғыз Республикасының заңдарына да енгізу жоспарланып отырғанын атап өтеді.

Әділет министрлігі халықаралық шарт жасасу практикасына, қаржы статистикасының халықаралық стандарттарына, халықаралық ұйымдардың тәсілдемелері мен Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сілтеме жасаумен қаржы лизингінің экономикалық табиғатын айқындай отырып, осы қызметтің кредиттік (қаржылық) сипаттамаларына назар аударады. Оның пікірі бойынша, қаржылық лизингті Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың немесе Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың реттеу саласына жатқызу тиісті қызметті көрсететін тұлғаның мәртебесіне байланысты болмауға тиіс.

Өтініш беруші Шарттың ережелерін өзара байланыста ұғыну Одақ құқығының лизингтік қызметті реттеу тәсілдемесін белгілеуге мүмкіндік бермейді дей отырып, Соттан:

- банк болып табылмайтын лизингтік компания көрсететін лизингтік қызметтер Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың реттеу саласына кіретініне немесе кірмейтініне, не олар Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың ережелерімен реттелетініне немесе реттелмейтініне;

- Одаққа мүше мемлекеттердің, атап айтқанда, меншікті қаражаттың (капиталдың) ең аз мөлшеріне талаптар белгілеуді, қаржылық нормативтер мен есептілік белгілеуді қоса алғанда, лизингтік қызметті пруденциялық реттеуді енгізуі Шартқа сәйкес келетіне немесе келмейтініне;

- Одаққа мүше мемлекеттер лизингтік қызметті пруденциялық реттеуді енгізуі кезінде лизинг шарттарын жасасқан ұйымдарға тікелей салықтармен (ұйымдардың пайдасына салынатын салық және мүлкіне салынатын салық) салық салу ерекшеліктерін белгілеуге құқылылығына немесе құқықсыздығына түсінік беруді сұрайды.

II. Қорытындылар

Үлкен алқа Шартқа № 2 қосымша болып табылатын Сот Статутының 50-тармағына сәйкес Одақ құқығына түсінік беруді жүзеге асыра отырып, 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) нормаларын, атап айтқанда, осы Конвенциясының 31-бабын басшылыққа алады, оған сәйкес халықаралық шарт оның кіріспесі мен қосымшалары ескеріле отырып, мән-мәтініндегі шарттың терминдеріне берілетін қарапайым мәнге сәйкес адал, сондай-ақ шарттың объектісі, мақсаттары тұрғысынан түсіндірілуге тиіс. Мән-мәтінмен қатар, соның ішінде қатысушылардың арасындағы шарттың ережелерін қолдануға қатысты кез келген кейінгі келісім, оны қолдану практикасы және қатысушылардың арасындағы қатынастарда қолданылатын халықаралық құқықтың тиісті нормалары ескеріледі.

1. Шарттың 65-бабының 1-тармағына сәйкес XV бөлімнің мақсаты осы бөлімнің және Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың шарттарына сәйкес Одақ шеңберінде көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру еркіндігін қамтамасыз ету болып табылады.

Мүше мемлекеттерде көрсетілетін қызметтер саудасын, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды реттеудің құқықтық негіздері Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттамамен айқындалады.

Шарттың 65-бабының 2-тармағына сәйкес XV бөлімнің ережелері мүше мемлекеттердің көрсетілетін қызметтерді беруді және алуды, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды қозғайтын шараларына қолданылады.

Шарттың XXII бөлімімен реттелетін мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу, сондай-ақ мемлекеттік билік функцияларын орындау үшін көрсетілетін қызметтер мен жүзеге асырылатын қызмет бұл шараларға қолданылмайды.

Шарттың 65-бабының 3-тармағында осы Шарттың XVI, XIX, XX және XXI бөлімдерінде қамтылатын көрсетілетін қызметтер тиісінше осы бөлімдердің ережелерімен реттеледі. XV бөлімнің ережелері көрсетілген бөлімдерге қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Осы құқықтық нормадан XV бөлімнің көрсетілетін қызметтердің барлық түрлері (секторлары) үшін жалпы реттеуді белгілейтіні келіп шығады, ал сол уақытта Шарттың XVI, XIX, XX және XXI бөлімдерінде: қаржы (XVI бөлім), табиғи монополиялар (XIX бөлім), энергетика (XX бөлім), көлік (XXI бөлім) сияқты көрсетілетін қызметтердің барлық түрлері үшін арнайы реттеу белгіленеді. Бұл яғни *lex specialis derogat generali* (арнайы заң жалпы заңды ығыстырады) құқық қағидатына сәйкес жалпы және арнайы заңдар арасында қайшылықтар болған жағдайда арнайы нормалармен белгіленетін қағидалар қолданылады деген сөз. Арнайы реттеумен қамтылмаған қатынастарға жалпы нормалар қолданылады.

Шарттың 66-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттер көрсетілетін қызметтердің өзара саудасы, инвестициялар құру, қызметі және инвестицияларды жүзеге асыру жағдайларын кезең-кезеңмен ырықтандыруды жүргізеді, сондай-ақ Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 38 - 43-тармақтарында көзделген көрсетілетін қызметтердің бірыңғай нарығын құруға және оның барынша көп қызметтер секторында жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ұмтылады.

Шарттың 67-бабының 1-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметтер саудасын, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды ырықтандыру мүше мемлекеттердің заңнамаларын үйлестіру және мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының өзара әкімшілік

ынтымақтастығын ұйымдастыру арқылы, халықаралық қағидаттар мен стандарттар ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

Шарттың 67-бабы 2-тармағының 4-тармақшасына сәйкес мүше мемлекеттер көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызмет және инвестицияларды жүзеге асыру процесінде басшылыққа алатын қағидаттардың бірі дәйектілік қағидаты, яғни көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруға, қызметіне немесе инвестицияларды жүзеге асыруға қатысты кез келген шараларды қабылдау, оның ішінде:

- көрсетілетін қызметтер секторларының және қызмет түрлерінің ешқайсысында өзара қол жеткізу жағдайларын осы Шартқа қол қою күніне қолданыста болған жағдайлармен және осы Шартта бекітілген жағдайлармен салыстырғанда нашарлатуға жол берілмейтінін;

- Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 2-тармағының 4-абзацында және 15 - 17, 23, 26, 28, 31, 33 және 35-тармақтарында көрсетілген, Жоғары кеңес бекітетін шектеулердің, алып тастаулардың, қосымша талаптар мен жағдайлардың, жеке ұлттық тізбелерінде көзделген шектеулердің, алып тастаулардың, қосымша талаптар мен жағдайлардың кезең-кезеңмен қысқартылуын негізге ала отырып, мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру және әкімшілік ынтымақтастық болып табылады.

Демек, мүше мемлекеттер өздеріне:

а) тиісті мүше мемлекетте Шартқа қол қою күнінде бар;

б) шарттың өзінде бекітілген жағдайлармен салыстырғанда өзара қол жетімділік жағдайларын нашарлатпауға міндеттеме алды.

Бұдан басқа, мүше мемлекеттер Шарттың 66-бабының 1-тармағымен басқа мүше мемлекеттер тұлғаларының көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруына және қызметіне қатысты, осы Шарт күшіне енген күні қолданыста болған режиммен салыстырғанда жаңа кемсітушілік шараларын енгізбейтінін бекітті.

Сонымен бірге, Шарттың 65-бабының 7-тармағында XV бөлімнің ережелері мүше мемлекеттің:

1) қоғамдық моральды қорғау немесе қоғамдық тәртіпті ұстап тұру үшін қажетті шараларды қабылдауына немесе қолдануына кедергі келтірмейтіні белгіленді. Қоғамның негізгі мүдделерінің біріне қатысты шынайы және жеткілікті түрде елеулі қауіп-қатер қалыптасқан жағдайда, қоғамдық тәртіп пайымдаулары бойынша ерекшелік қолданылуы мүмкін;

2) адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғау үшін қажетті;

3) мыналарға:

жаңылысуға ұшырататын және жосықсыз практиканы немесе азаматтық-құқықтық шарттардың сақталмау салдарын болдырмауға;

жеке сипаттағы мәліметтерді өңдеу және тарату кезінде жекелеген тұлғалардың жеке өміріне араласудан қорғауға және жеке өмірі мен шоттары туралы мәліметтердің құпиялылығын қорғауға;

қауіпсіздікке қатысы бар шараларды қоса алғанда, осы бөлімнің ережелеріне қайшы келмейтін, мүше мемлекеттердің заңнамасын сақтау үшін қажетті;

4) іс жүзінде ұсынылатын режимдегі айырмашылық көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруға және қызметіне қатысты әділ немесе тиімді тікелей салықтар салуды және оларды басқа мүше мемлекеттің немесе үшінші мемлекеттердің тұлғаларынан алуды қамтамасыз етуге талпынумен байланысты болған жағдайда, Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 21 және 24-тармақтарымен үйлеспейтін шараларды қабылдауына немесе қолдануына кедергі келтірмейді және мұндай шаралар мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарының ережелеріне қайшы келмеуге тиіс;

5) режимге қатысты айырмашылық тиісті мүше мемлекет қатысушысы болып табылатын салық салу мәселелері бойынша, оның ішінде қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімнің нәтижесі болып табылған жағдайда, Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 27 және 29-тармақтарымен үйлеспейтін шараларды қабылдауына немесе қолдануына кедергі келтірмейді.

Бұл ретте Шарттың 65-бабының 8-тармағында жоғарыда көзделген шараларды қолдану мүше мемлекеттер арасында жөнсіз немесе ақталмаған кемсітушілікке немесе көрсетілетін қызметтер саудасында, инвестициялар құруда, қызметінде және инвестицияларды жүзеге асыруда жасырын шектеулерге әкеп соқпауға тиістігі айқындалды.

Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 2-тармағына сәйкес оның ережелері мүше мемлекеттердің көрсетілетін қызметтерді беруді және алуды, инвестициялар құруды, қызметін және инвестицияларды жүзеге асыруды қозғайтын кез келген шараларына қолданылады.

Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 7-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметтер Біріккен Ұлттар Ұйымы Хатшылығының Статистикалық комиссиясы бекіткен Негізгі өнімдердің халықаралық сыныптауышы (Central Products Classification) (бұдан әрі – CPC) негізінде айқындалады және сыныпталады.

Жоғары кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 110 шешімімен Одақ шеңберінде көрсетілетін қызметтер секторларының бірыңғай тізбесі бекітілді. Осы тізбеге мыналар енгізілді:

- операторсыз құрылыс машиналары мен жабдықтарының лизингі немесе оларды жалға алу саласындағы құрылыс жұмыстары шеңберінде көрсетілетін қызметтер (CPC) (Одақ шеңберінде көрсетілетін қызметтер секторлары бірыңғай тізбесінің 5-тармағының 24-тармақшасы);

- операторсыз машиналар мен жабдықтардың:

1) жүктерді тасымалдауға арналған жүргізушісіз автокөлік құралдарының;

2) мотоциклдердің, дөңгелекті үйлердің және жүктерді тасымалдауға арналған тұрғындық автотіркемелердің;

3) жолаушыларға арналған көлік құралдарының;

5) құрылыс және жер қазу жұмыстарына арналған тракторлардың, жол грейдерлерінің, бу катоктарының, бульдозерлердің, экскаваторлардың, шөмішті фронтальды тиегіштердің, бөлшектенбейтін ағаштардың, құрылыс вагоншаларының;

б) офистік техникалық құралдар мен жабдықтардың барлық түрлерінің, офис жиһазының, сейфтердің лизингі немесе оларды жалға алу саласында көрсетілетін қызметтер (СРС 73112, 73114, 73121-73123) (Одақ шеңберінде көрсетілетін қызметтер секторлары бірыңғай тізбесінің 24-тармағы);

- бос уақытты өткізу үшін пайдаланылатын тұрмыстық аппаратураның барлық түрлерінің лизингі бойынша көрсетілетін қызметтер бөлігінде жеке пайдалану заттарының прокаты (СРС 73210) (Одақ шеңберінде көрсетілетін қызметтер секторлары бірыңғай тізбесінің 25-тармағы);

- Шарттың XVI бөлімінде көзделген қаржы қызметтерін қоспағанда, операторсыз (экипажсыз) кемелерді жалға алу және олардың лизингі жөніндегі қызметтер (СРС 73240) (Одақ шеңберінде көрсетілетін қызметтер секторлары бірыңғай тізбесінің 47-тармағы).

Үлкен алқа жоғарыда көрсетілгендердің және Жоғары кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 110 шешімінде аталған бірыңғай нарық жұмыс істейтін қызметтер секторларының (кіші секторларының) бір де бірі қаржы лизингіне және қаржылық қызметтерге жатпайтынын көрсетеді. СРС-те қаржы лизингі 7-секцияның (қаржылық және аралас қызметтер; жылжымайтын мүлікпен байланысты қызметтер; лизингтік және жалдау қызметтері) 71-бөлімінің (қаржылық және аралас қызметтер) 711 тобындағы (банктердің инвестициялық қызметтерінен, сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі қызметтерден басқа қаржылық қызметтер) 71140 кіші сыныбы ретінде ерекшеленген. Сонымен қатар СРС 7-секциясында 73-бөлім (операторсыз лизинг және жалдау жөніндегі қызметтер) бар, оған 7-секцияны құру бойынша қаржылық және аралас қызметтерге жатпайтын лизинг және жалдау қызметтері енгізілген. СРС-ке түсіндірмелерде 71140 кіші сыныбына 73-бөлімнің операциялық лизинг қызметтері енгізілмейді деп көрсетілген.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Үлкен алқа қаржылық лизинг жөніндегі қызметтер Жоғары кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 110 шешімімен бекітілген Одақ шеңберінде көрсетілетін, бірыңғай нарық жұмыс істейтін қызметтер секторларының бірыңғай тізбесіне кірмейді, оған тұтастай XV бөлімнің және Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың ережелерімен реттелетін қызметтердің өзге түрлері кіреді деп белгілейді.

Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың 1-тармағына сәйкес осы Хаттама Шарттың 70-бабына сәйкес әзірленді және мүше мемлекеттердің қаржылық көрсетілетін қызметтер саудасын, сондай-ақ қаржылық көрсетілетін қызметтерді берушілерді құруды және (немесе) олардың қызметін қозғайтын шараларына қатысты қолданылады.

Бұл ретте Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың 3-тармағымен «қаржылық қызметтер» ұғымы шеңберіне банк қызметтері кіретін қаржы сипатындағы қызметтер ретінде айқындалған. Шартта қаржылық лизинг банк қызметтеріне жатқызылған және қаржылық қызметтер ұғымына кіреді.

Осылайша, қаржылық лизинг сияқты қаржылық қызметтер көрсету жөніндегі қызмет Шарттың XVI бөлімінің және Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың ережелерімен реттеледі. Шарттың XV бөлімінің және Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың ережелері XVI бөлімге және Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың ережелеріне қайшы келмейтін бөлігінде қаржылық лизингке қолданылады.

2. Әділет министрлігінің екінші сұрағына қатысты Үлкен алқа өтініш берушінің Одаққа мүше мемлекеттердің, атап айтқанда, меншікті қаражаттың (капиталдың) ең аз мөлшеріне талаптар белгілеуді, қаржылық нормативтер мен есептілік белгілеуді қоса алғанда, лизингтік қызметті пруденциялық реттеуді енгізуі Шартқа сәйкес келетінін немесе келмейтінін түсіндіруді сұрайтынын атап өтеді.

Пруденциялық (ықтимал тәуекелдерге бағдарланған ескертпелі) реттеу ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын арттыру және өтімсіздік пен төлем қабілетсіздігі тәуекелдерін азайту мақсатында олардың жұмыс істеуіне қойылатын экономикалық жағынан негізделген талаптарды бекітудің құқықтық нысанын білдіреді.

Атап айтқанда, өтініш берушінің сұрағына сәйкес меншікті қаражаттың (капиталдың) ең аз мөлшеріне талаптар белгілеу, пруденциялық реттеуге енгізілетін қаржылық нормативтер мен есептілік белгілеу Шарттың, өзге де халықаралық шарттар нормаларының мағынасы бойынша тосқауылдар, шектеулер, рұқсат беру талаптары мен рәсімдері, тыйым салулар немесе лизинг берушілердің пайдасын тікелей немесе жанама түрде жоққа шығаратын немесе азайтатын кемсіту шаралары болып табылмайды.

Қаржылық нормативтер ұйымның қаржылық ресурстарын қалыптастыруды, бөлуді және қайта бөлуді реттейтін ең аз, орташа немесе ең жоғары шекті шамаларды көрсететін көрсеткіштер болып табылады.

Есептілікке өткен кезең ішінде алынған кірістер мен жұмсалған шығыстар көрсеткіштерінің белгілі бір жиынтығын қамтитын шаруашылық жүргізуші субъект қызметінің тұрақты түрде қорытылатын нәтижесі, ал меншікті қаражаттың (капиталдың) ең аз мөлшеріне – меншікті қаражаттың жеткіліктілігі нормативінің сандық мәні жатады.

Осындай қаржы құралдарының болуы шаруашылық қызметінің кез келген түріне тән және ұйымдардың қаржы және материалдық-ақша қаражатының қозғалысы саласындағы қызметін мемлекеттік реттеудің *a priori* ажырамас және жалпыға бірдей қабылданған элементі болып табылады.

Үлкен алқа пруденциялық реттеу институты лизингтік қызметті және оның түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың субъектілік құрамына тәуелді болмайтынын атап көрсетеді.

Тек кредиттік ұйымдар – лизинг берушілер үшін ғана осындай реттеуді белгілеу пруденциялық реттеу оларға қатысты қолданылмайтын лизинг берушілердің өзге санаттарымен салыстырғанда осы шаруашылық жүргізуші субъектілер ғана емес, сонымен бірге лизинг алушылар үшін де өзін-өзі ақтамайтын тәуекелдердің айтарлықтай ұлғаюына байланысты олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соқтырары сөзсіз.

Үлкен алқа Шарттың мәлімделген ережелеріне өзара байланысты нормалар тұрғысында соттық түсінік беру мақсаттарын басшылыққа ала отырып, Шарттың 66-бабы 1-тармағының, Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 21, 24, 61 және 62-тармақтарының ережелерін талдау төмендегі негіздемелерге байланысты Одаққа мүше мемлекеттердің лизингтік қызметті Шарттың күшіне ену күніне байланыссыз пруденциялық реттеуді белгілеуге қайшылықтар мен тыйым салулардың жоқтығын көрсетеді деп есептейді.

Шарттың 66-бабының 1-тармағына сәйкес «мүше мемлекеттер басқа мүше мемлекеттер тұлғаларының көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруына және қызметіне қатысты, осы Шарт күшіне енген күні қолданыста болған режиммен салыстырғанда жаңа кемсітушілік шараларын енгізбейді».

Лизингтік қызметке пруденциялық шараларды қолдану басқа мүше мемлекеттердің көрсетілетін қызметтер саудасына, инвестициялар құруына, қызметіне қатысты кемсітушілік шараларды енгізуіне балама емес, керісінше – банктік емес лизингтік ұйымдардың тұрақтылығын және оларға деген сенімді қолдауға әкеледі. Бұл пікір әрбір мүше мемлекет осы мүше мемлекеттің қызметтер саудасына, құруға және қызметке әсер ететін шараларының барлығы парасатты, объективті және әділ түрде қолданылуын қамтамасыз етеді делінетін Хаттаманың 57-тармағының нормасына сәйкес келеді.

Пруденциялық реттеудің кемсітушілік шараларымен өзара байланысы жоқтығын ескеретін болсақ, оны Одаққа мүше мемлекеттерде енгізу Шарттың 66-бабының 1-тармағына қайшы келмейді.

Бұл ретте Үлкен алқа Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 61 және 62-тармақтарының ережелері төмендегілерді белгілейтінін атап көрсетеді:

«61. Қызметтер көрсету саудасына, құру және (немесе) қызмет кезінде рұқсат ету талаптары мен рәсімдері ақталмайтын кедергілер жасамауын қамтамасыз ету үшін Комиссия мүше мемлекеттермен келісім бойынша Жоғары кеңес бекітетін қағидаларды әзірлейді. Бұл қағидалардың мақсаты осы рұқсат ету талаптары мен рәсімдері өзгелер қатарында:

1) құзыреттілік және қызметтер көрсету саудасын және қызметті жүзеге асыруға қабілеттілік сияқты объективті және жария өлшемдерге негізделуін;

2) жүзеге асырылатын қызметтің қауіпсіздігін, сондай-ақ берілетін қызметтің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті шамадан артық ауыртпалықтың болмауын;

3) қызметтер көрсету саудасы, құру және (немесе) қызмет үшін шектеу болып табылмайтынын қамтамасыз ету болады».

«62. Мүше мемлекеттер пайданы жоятын немесе қысқартатын және:

1) осы Хаттаманың 61-тармағында аталған өлшемдерге сәйкес келмейтін;

2) мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленбеген және Шартқа қол қойған күнге тиісті мүше мемлекет қолданбайтын рұқсат ету талаптары мен рәсімдерін қолданбайды».

Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 61-тармағын дамыту үшін әзірленіп, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 24 шешімімен бекітілген Қызметтер көрсету саудасын реттеу, құру және қызметі қағидалары лизингтік қызметті пруденциялық ретту мәселелерімен өзара байланысты емес. Сондықтан Одаққа мүше мемлекеттің пруденциялық реттеуді енгізуі осы нұсқауға қайшы келмейді және ұлттық юрисдикцияға жатады.

Қағидалардың 3-тармағының бесінші абзацына сәйкес «ақталмаған тосқауылдар (шектеулер)» – бұл реттеу мақсаттарына, оның ішінде көрсетілетін қызметтер қауіпсіздігі мен сапасын, әлеуметтік-экономикалық салдарларды және тиісті реттеуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттердің бюджеттік жүйесінің бюджеттеріне арналған салдарларды ескере отырып, қызметті және (немесе) іс-қимылды жүзеге асыру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, қажеттішамадан анағұрлым маңызды экономикалық шығындарға әкелетін міндетті талаптар және (немесе) рәсімдер.

Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 62-тармағындағы «рұқсат ету талаптары және рәсімдер» терминінің мағыналық мазмұны осы Хаттаманың 6-тармағының 16 және 17-тармақшаларының нормаларынан туындайды және оның пруденциялық реттеу ұғымымен теңбе-тең еместігін көрсетеді.

Рұқсат ету рәсімдеріне құзыретті органдар мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес іске асыратын рұқсаттарды және олардың телнұсқаларын берумен және қайта ресімдеумен, қолданылу мерзімін тоқтатумен, тоқтата тұрумен және қалпына келтірумен не ұзартумен, рұқсаттарды жоққа шығарумен (күшін жоюмен), рұқсаттарды беруден бас тартумен, сондай-ақ осындай мәселелер бойынша шағымдарды қараумен байланысты рәсімдердің жиынтығы жатады.

Рұқсат ету талаптарына өтініш берушіге, рұқсаттың иесіне және (немесе) көрсетілетін қызметке, мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес келетін жүзеге асырылатын қызметке қойылатын, мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленген реттеу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған стандарттардың және (немесе) талаптардың жиынтығы жатады.

Үлкен алқа «пруденциялық реттеу» терминінің заңдық конструкциясына түсінік беру реттеудің осы түрінің Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 62-тармағының мағынасы бойынша рұқсат ету

рәсімдері мен рұқсат ету талаптарының құқықтық аналогы болатыны немесе болмайтыны туралы пікірді қалыптастыру мақсатында қажет деп есептейді.

Нысаналы тағайындалуы және мазмұны бойынша рұқсат ету рәсімдері мен рұқсат ету талаптарының пруденциялық реттеу институтына қарағанда құқықтық реттеудің өзге, дербес мәнін иеленеді.

Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың 19-тармағында және Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің тиімді банктік қадағалаудың негізгі қағидаттарында санамаланған пруденциялық реттеу шаралары Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 6-тармағының 15 және 16-тармақшаларындағы рұқсат ету рәсімдері мен рұқсат ету талаптарының анықтамаларымен бірдей емес.

Үлкен алқа лизингтік ұйымдарды пруденциялық реттеу институты мен Көрсетілетін қызметтер саудасы туралы хаттаманың 62-тармағының нормасы арасында қайшылықтар жоқ деп есептейді.

3. Үлкен алқа өтініш берушінің лизингтік қызметті пруденциялық реттеуді енгізу кезінде мүше мемлекеттің тікелей салықтармен салық салудың ерекшеліктерін көздеу құқығы туралы сұрағына жауап бере отырып, мынадай қорытындыларға келді.

Шарттың 3 және 5-баптарының мазмұны Одақтың өз қызметін оған мүше мемлекеттер Шарттың және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың негізінде берген құзырет шегінде және көлемінде жүзеге асыратынын куәландырады. Осы құқықтық нормалардың мағыналық мазмұнын ұғыну Үлкен алқаға Одаққа берілмеген өкілеттіктер мүше мемлекеттердің құзыретін білдіретіні туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Одақ құқығын талдаудан Шарттың 71 – 73-баптарымен және Шартқа №18 қосымша болып табылатын Тауарлар экспорты мен импорты, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтар алу тәртібі мен олардың төленуін бақылау тетігі туралы хаттамамен жанама салықтар алу қағидаттары және тәртібі белгіленгені көрінеді.

Мүше мемлекеттердің басқа мүше мемлекеттің тұлғаларынан тиісті салықтар алуды қоса алғанда, көрсетілетін қызметтер саудасына қатысты тікелей салық салу енгізуіне жол берушілік Шарттың 65-бабы 7-тармағының 4-тармақшасында көзделген.

Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда интеграциялық бірлестіктерге тікелей салық салу саласындағы құзырет берілмейді, бұл тиісті құқықтық қатынастардың мүше мемлекеттердің заңнамасымен реттелетіні туралы куәландырады. Осы тәсілдемеге Соттың Апелляциялық палатаның «Севлад» ЖШҚ ісі бойынша 2016 жылғы 2 маусымдағы шешімінде баяндалған ұстанымы сай келеді, оған сәйкес салықтық құқық қатынастары Одақ құқығымен ұлттық юрисдикцияға жатқызылған (шешімнің 7.3-тармағының 9 абзацы).

Өтініш беруші сұрағының аспектісіне осы ұстанымды қолдану қорытынды жасау үшін негіз береді, ол қорытындыға сәйкес тікелей

салықтармен салық салудың ерекшеліктерін белгілеу мүше мемлекеттердің құзыретіне жатады және Одақ құқығы қолданысының саласына кірмейді.

4. Баяндалғандарды ескере отырып, Үлкен алқа өтініш берушінің сұрақтарына мынадай жауаптар беру негізді деп санайды.

4.1. Банк болып табылмайтын лизингтік компания көрсететін лизингтік қызметтер Қаржылық қызметтер жөніндегі хаттаманың реттеу нысанасына кіреді.

4.2. Меншікті қаражаттың (капиталдың) ең аз мөлшеріне қойылатын талаптар белгілеуді, қаржылық нормативтер мен есептілік белгілеуді қоса алғанда, Одаққа мүше мемлекеттің лизингтік компаниялар жүзеге асыратын лизингтік қызметті пруденциялық реттеуді енгізуі Шартқа сәйкес келеді.

4.3. Тікелей салықтармен салық салудың ерекшеліктерін белгілеу мүше мемлекеттердің құзыретіне жатады және Одақ құқығы қолданысының саласына кірмейді.

III. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытындының мәтіні Соттың ресми интернет-сайтында жариялансын.

Төрағалық етуші

Ж.Н. Бәйішев

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

А.А. Федорцов

К.Л. Чайка